

*Студенттік кеңестің  
1.09.2013 жылғы  
отырысында бекітілген*

**Солтүстік Қазақстан медицина колледжінің  
студенттік өзін-өзі басқару туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 Колледждің студенттік өзін-өзі басқаруы студенттердің бос уақытын үйімдастыру, тұлғаның жан-жақты дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының жастар саясаты тұжырымдамасына және «Қазақстан-2050» даму стратегиясына сәйкес құрылды.

1.2 Колледждің студенттік өзін-өзі басқаруы өз қызметінде ҚР Конституциясын, коллеж жарғысын, колледждің студенттік өзін-өзі басқару туралы Ережесін және колледждің басқа да нормативтік құжаттарын басшылықта алады.

**2. Негізгі міндеттері**

Колледждің студенттік өзін-өзі басқарудың негізгі міндеттері:

2.1 Солтүстік Қазақстан медицина колледжі студенттерінің азаматтық рөлін арттыру.

2.2 Қазақстан Республикасының жастар саясатын іске асыру, озық жастардың күшімен тұрақтылықты нығайту.

2.3 Жастарды өзін-өзі тануда және өмірлік құндылықтарды таңдауда қолдау, оның патриотизм рухында толық және үйлесімді дамуы.

2.4 Студент жастардың құқықтары мен мұдделерін қорғау.

2.5 Студенттік мәселелерді бірлесіп зерттеу және шешу, студенттік өзара іс-қимылды бөлімшеаралық үйлестіру.

2.6 Студенттердің бос уақытын үйімдастыру: зияткерлік ойындар, конкурстар және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу.

2.7 Студенттердің оқытушылар құрамымен және колледж әкімшілігімен кері байланысын орнату.

2.8 Студенттердің колледждің, қаланың, облыстың мәдени-бұқаралық іс-шараларына белсенді қатысуы және оларға студенттерді тарту.

2.9 Студенттердің көзқарастары мен пікірлерін зерттеу, әкімшілікке осы саладағы жағдай туралы жедел хабарлау.

**3. Үйімдастыру құрылымы**

3.1 Колледждің студенттік өзін-өзі басқаруы өз қызметін колледж басшылығымен және тәрбие жұмысы белгілімімен үйлестіреді.

3.2 Студенттік өзін-өзі басқару жұмысын Студенттік өзін-өзі басқару Президенті басқарады, ол колледж студенттерінің ішінен 1 жылға дауыс беру арқылы сайланады, оқуда үлгерген, студент жастар мен оқытушылар құрамы арасында беделге ие.

*Жаныбай Ахметов*

3.3 Студенттік өзін-өзі басқару мүшелері (министрлері) колледждің ең белсенді студенттерінің қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы кеңейтілген старостатта сайланады.

3.4 Студенттік өзін-өзі басқарудың мүшесі осы Ережені мойындайтын және оның талаптарын орындайтын колледж студенті бола алады.

#### **4. Функциялар**

Студенттік өзін-өзі басқару колледждің студенттік өзін-өзі басқару туралы бекітілген Ережеге сәйкес әрекет етеді, студенттік өзін-өзі басқарудың негізгі функциялары:

4.1 Жұмыс жоспарын әзірлеу, оның орындалуын қамтамасыз ету.

4.2 Студенттердің мұдделеріне сәйкес келетін түрлі іс-шараларды өткізу бойынша ұсыныстар енгізу.

4.3 Оларды түрлі іс-шараларға қатысуға және студенттердің бос уақытын ұйымдастыруға тарту.

4.4 Кездесулерді ұйымдастыру және соғыс және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету, дөңгелек үстелдер, дебаттар, тақырыптық және шығармашылық кештер және т.б. өткізу,

4.5 Аудандық, қалалық, республикалық семинарларға, конференцияларға, конкурстарға және басқа да іс-шараларға қатысу

#### **5. Құқықтары**

**Студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінің:**

5.1 Студенттік өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлануға;

5.2 Студенттік өзін-өзі басқару қызметіне қатысты мәселелер бойынша ұсыныстарды басшы органдардың қарауына енгізуге;

5.3 Студенттік өзін-өзі басқару қызметіне қатысты ақпарат алуға;

5.4 Колледждің ғылыми кітапханасының қорларын, сондай-ақ колледж жарғысына және колледждің студенттік өзін-өзі басқару туралы бекітілген Ережеге қайшы келмейтін өзге де құқықтарды пайдалану мүмкіндігіне құқығы бар.

#### **6. Жаупкершілік**

**Студенттік өзін-өзі басқару мүшелері:**

6.1. Колледждің студенттік өзін-өзі басқару туралы бекітілген Ереженің сақталуы үшін;

6.2. Қойылған міндеттерді уақтылы және сапалы орындалуы үшін;

6.3. Еңбек тәртібін сақтағаны, сақтауға қабылданған немесе өндірістік мақсаттарда пайдаланылатын мүліктің сақталуы үшін;

6.4. ҚР заңнамасын, сондай-ақ осы Ережеде көзделген нормалардың сақталуы үшін жауапты.

#### **7. Қызметті тоқтату**

Студенттік өзін-өзі басқару қызметін тоқтату Солтүстік Қазақстан медицина колледжі директорының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

A-Ahmet ZM Russet

## **Старостатты өткізу жоспары**

*Өткізу күні:*

Күн тәртібі:

1. Қараптырылып отырған мәселе
2. Қараптырылып отырған мәселе
3. Қараптырылып отырған мәселе

### **Тіркеу параграфы**

<b>№</b>	<b>Т.А.Ә</b>	<b>Топ</b>	<b>Қолы</b>
1			
2			

## **Старостат өткізу хаттамасы**

*Өткізу күні:*

Күн тәртібі:

1. Қараптырылып отырған мәселе
2. Қараптырылып отырған мәселе
3. Қараптырылып отырған мәселе

Отырыс хаттамасы:

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды ... Шешім қабылданды:
2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды ... Шешім қабылданды:
3. Ушінші мәселе бойынша тыңдалды ... Шешім қабылданды:

*Хатшы:* \_\_\_\_\_